



Автор: Ильяшова Жанагуль Рахимжановна

Пән: География

Сынып: 7-сынып

Бөлім: Физикалық география/Биосфера

Тақырып: Топырақ және оның құрамы мен құрылымы.

мақсаты	7.3.4.2.Топырақ және оның құрамы мен құрылымы.
оқу мақсаттары	Барлық оқушылар орындай алады: □ Топырақ құрамын және құрылымын анықтайды Оқушылардың көпшілігі орындай алады: □ Мәтінде берілген мәліметтер бойынша қара топырақтың топырақ қимасын салады. Оқушылардың кейбіреулері орындай алады: □ Топырақтың құнарлығының ауыл шаруашылығындағы маңызына баға беріп, өз тұжырымын ұсынады;
Бағалау критеріі	- Топырақты құрамы мен құрылымына қарай жіктейді; - Топырақ түзуші факторларды атап береді; - Топырақ қимасының графикалық сызбасын жасайды; - Топырақтың құрамын анықтауға арналған тәжірибеге талдау жасайды; - Құнарлы топырақтың ауыл шаруашылығындағы маңызына баға бере отырып, оның мүмкіндіктерін болжайды;
Тілдік мақсат	• Топырақ, топырақ түзуші факторлар, топырақтану, топырақ құрамы, топырақ құрылымы, қарашірік, құнарлылық терминдерінің анықтамаларын ауызша түсіндіреді ; • Топырақ құрылымының қимасына қарап ауызша және жазбаша сипаттама береді; • Топырақтың негізгі қасиеті – құнарлығы екендігін ауызша және жазбаша дәлелдейді;

Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың басы (5 мин)	Оқушылармен сәлемдесу. Сабақ тақырыбы мен оқу мақсаттарымен таныстыру. Оқушылар назарын сабаққа аудару үшін «Қара жәшік» әдісін қолдану: Мұғалім жасырған «топырақ» сөзін оқушылар 5 жабық сұрақ қою арқылы табу қажет. Мысалы: - Биосфераның бөлігі ме? Ия - Тірі дене ма? Жоқ - Өсімдік пе? Жоқ - Табиғат компоненті ме? Ия - Т.с.с	«Топырақ» сөзі

Сабақкезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
сабақтың ортасы (30 мин)	Жаңа ұғымдармен танысу сәйкестендіру тест жұмысы арқылы жүргізіледі Тәжірибелік жұмыс жасау: Топырақтың құрамындағы қарашірік, газ, сұйық және қатты күйдегі заттарды анықтау. Топырақ құрамындағы қарашірікті анықтау; 1 тәжірибе. Топырақты ақ қағаздың бетіне салып, анықтап қарау, не байқалады Өсімдіктің ұсақ қалдықтары, шіріген жәндіктің қалдықтары байқалады. Топырақтың құрамындағы ауаны анықтау; 2 тәжірибе. Топыраққа су құйғанда көпіршіп шыққан не? Ауа Топырақ құрамындағы суды анықтау; 3 тәжірибе. Бір уыс топырақты темір қалбырға салып отқа қойып қыздырайық. Оның үстіне шыны ұстайық. Шынының астыңғы бетіне су тамшылары пайда болды. Ол қайдан шықты? Топырақ бойында ауадан басқа тағы не бар? Су 4 тәжірибе Топырақты одан әрі қыздыра түсейік. Біраздан кейін көкшіл түтін шығады Бұл не? Топырақ ішінде жанатын не бар? Топырақта түрлі қалдықтар, шірінділер бар. Ол — қарашірік Топырақ құрамындағы сазды, құмды анықтау. 5- тәжірибе Шіріндісі жанып біткен топырақты суға салып араластырайық. Лайланған суды тұндыруға қояйық. Біраздан кейін тұнбаның астында құм, оның үстіне саз шөгеді. Бұдан топырақ құрамында құм, саз барын байқадық. Тәжірибені қортындылау: Оқушылар тәжірибе барысындағы жазбаларын пайдаланып өз тұжырымдарын айтады. Топырақтың құнарлығының ауыл шаруашылығындағы маңызына баға беріңіз, өз тұжырымыңызды ұсыныңыз. Топырақтың құнарлығының ауыл шаруашылығындағы маңызы өте зор. Себебі, топырақ бойындағы құнарлылық қасиетіне, яғни өсімдіктерді (ауа) сумен, басқа да қоректік элементтермен қамтамасыз ететін қабілетіне өсімдік шаруашылығында жиналатын өнім мөлшері тікелей байланысты болады. Мәтінмен жұмыс: Мәтінді мұқият оқып төмендегі тапсырмаларды орындау 1.Топырақтың түзілуіне әсер ететін факторларды анықтау: «Кубизм» әдісі – кубиктің әр бетіне топырақ түзуші факторлар жазылып, оқушылар ортаға кубикті кезектесіп тастайды, өзіне түскен бетте жазылған фактордың топырақтың түзілуіне қалай әсер ететіндігін сипаттайды. - Бастапқы аналық жыныс (үгілген тау жыныстары) - климат - өсімдіктер мен жануарлар - адам әрекеті - жер бедері - уақыт 2. Топырақтың құрылымына қарай типтерін сызбаға, суретке қарап ауызша сипаттау арқылы анықтау. Нәтижесінде құрылымды топырақ – құнарлы топырақ, құрылымсыз топырақ – құнарсыз топырақ деген тұжырымға келу. 3.Топырақ қимасының графикалық сызбасын жасау. Мұғалім топырақтың қимасы деген не екеніне қысқаша сипаттама береді: Топырақ профилі (кескіні). Топырақтың қазылғандағы тік қабаттары топырақтың профилі (кескіні) деп аталады. В.В.Докучаев топырақты бетінен төмен қарай негізгі үш қабатқа бөлді. А -қарашірікті қабат. В- өтпелі қабат. С-топырақ түзуші аналық тау жыныс қабаты.	Топырақ Шыны Стақан Ұстатқыш Су
сабақтың соңы (5 мин)	Рефлексия: «Бес саусақ» әдісімен өзін-өзі бағамдау: - Сізде қандай қиындықтар болды? - Сізге қандай тапсырма қатты ұнады? - Бүгінгі көңіл-күйім қандай болды? - Бүгін мен қандай жетістіктерге қол жеткіздім? - Бүгін мен не білдім, қандай тәжірибе жинақтадым?	«Бес саусақ» әдісімен өзін-өзі бағамдау